



«Бекітемін»
мектеп директоры
Қ.Асанова
01.09.2023 жыл

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылына арналған психология-педагогикалық консилиум жұмысының жоспары

р/с	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум мүшелерінің отырысы	қыркүйек дер кезінде	Асанова Қ.А.
2	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды анықтау		Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С.
3	Үйде тегін оқуды ұйымдастыру	қажет кезде	Қошқарбаев Ж.Қ.
4	Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін жүзеге асыру	үнемі	Смагулова Ж.Г.
5	Логопедия жұмысының тиімділігі	қазан	Балгожина Б.С.
6	1-сынып оқушыларының бейімделуі	қараша	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбек А.Ж.
7	5-сынып сабақтарына қатысу, диагностикалық минимум, саулнама өткізу, ата-аналар жиналысы, ата-аналарға консультация		
8	ППК-ның I жартыжылдық отырысы	желтоқсан	Асанова Қ.А.
9	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің жұмыс барысының тиімділігі	ай сайын	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова Ж.Ж.
10	2024-2025 оқу жылына ПМПК-ға қатысатын балаларды анықтау, аудандық білім бөліміне сұраныс жіберу	мамыр	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова Ж.Ж.
11	ППК-ның II жартыжылдық отырысы	маусым	Асанова Қ.А.

Мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум мүшелерінің отырыс хаттамасы

Мерзімі: 01.09.2023 жыл

Қатысқандар

Асанова Қ.А.- директор

Қошқарбаев Ж.Қ.- оқу ісінің меңгерушісі

Кенжебаева А.Т.-тәрбие орынбасары

Смагулова Ж.Г.- психолог

Балгожина Б.С.- логопед

Касымова Г.И.- медбике

Тынысбек А.Ж.-әлеуметтік педагог

Тынысбекова Ж.Ж. - әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік ППК мақсаты мен міндеттері және жұмыс жоспары жөнінде, жауапты Қ.Асанова
2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау жөнінде, жауапты Ж.Смагулова

Тыңдалды

Мектеп директоры Асанова Қ. күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум жұмыс атқарады. Бүгінгі отырысқа қатысып отырғандарыңыз консилиум мүшелігі құрамындасыздар.

Бірінші мәселе бойынша

Психологиялық-педагогикалық консилиум жоспары таныстырылды. Консилиум әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылады. Міндеттері балалардың оқуы мен тәртібіндегі қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау, баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке ықпалды қамтамасыз ету үшін мұғалімге ұсыныстарды әзірлеу, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды сыныптарға қосу жолдарын анықтау, психологиялық медициналық педагогикалық кеңеске ұсыну үшін оқушының дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау, ата аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету.

Екінші мәселе бойынша

Смагулова Ж.Г.

2023 жылдың 01 қыркүйек күні № 90 мектепшілік бұйрық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізуді қолдау кабинетіне Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық психологиялық-медициналық педагогикалық кеңесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытынды негізінде он екі оқушы қамтылып отыр. Тізім таныстырылды: 1-сынып оқушы

Сержант Ернар ринолалия; 2-сынып оқушылары Әубәкір Назерке тіл кемістігі, Аманбай Анель интеллектінің жеңіл бұзылуы; 3- сынып оқушылары Төкен Наргиза ЗПР, тіл кемістігі; Боранбек Сырым сөйлеудің жалпы дамымауы; 4-сынып оқушылар Қызылбек Айбек. ЗПР; Қайрбек Нұрдана тіл кемістігі; 5-сынып Болатбай Ансар ЗПР; 6-сынып оқушылары Тлеубек Назерке тіл кемістігі; Сабирбек Нұрсұлтан ЗПР; 7-сынып оқушысы Мукатов Елжан интеллектінің жеңіл бұзылуы; 8-сынып оқушысы Аубакиров Асығат ЗПР. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінде педагог-психолог, логопед, әлеуметтік педагог жұмыс атқарады. Мамандар ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасайды және педагогтерге ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері бойынша кеңес береді, ата-аналарға педагогикалық қолдау білдіреді.

ШЕШІМ

1. Мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысының мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылсын.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінде - балалармен сабақ кестесі құрылып, арнайы сабақтары өткізілсін.

ППК-ның төрағасы
Хатшы:



Қ.Асанова

Р.Тусупбекова

**Мектепшілік психологиялық-педагогикалық консилиум мүшелерінің отырыс
хаттамасы**

Мерзімі: 13.02.2024 жыл
Қатысқандар
Асанова Қ.А.- директор
Қошқарбаев Ж.Қ.- оқу ісінің меңгерушісі
Смагулова Ж.Г.- психолог
Балгожина Б.С.- логопед
Касымова Г.И.- медбике
Пән мұғалімдері
Сагинаева Г.-математика пәні мұғалімі
Досымбекова Ж.- тарих пәні мұғалімі
Зурашев М.- қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Сатекова Қ.-технология пәні мұғалімі
Мухамбетжанова А.-сынып жетекшісі

Күн тәртібі:

1. Үйде тегін оқуды ұйымдастыру жөнінде

Тыңдалды

Мектеп директоры Асанова Қ. күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырып өтті. «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың 13 ақпандағы № 53/1-Ө бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 12-ақпан күні Ақмола облысы «Көкшетау қаласы №1 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен келген 7-сынып оқушысы Жұмабай Санжар Қайратұлы ата-ана өтініші бойынша мектепке қабылданды. Қабылданған оқушы Жұмабай Санжар денсаулығына байланысты үйде оқытылатындығы жөнінде айтылды.

Сөйлегендер

Қошқарбаев Ж.Қ.-оқу ісінің меңгерушісі

Ақмола облысына қарасты Қорғалжын аудандық ауруханасының 2024 жылдың 12-ші ақпан күнгі № 76 «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» бойынша Жұмабай Санжар Қайратұлына денсаулығына байланысты үйде оқытуға шешім шығарылған. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 9-шы қосымшасының 11-тарауы бойынша Қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспары негізінде аптасына 10 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. Оқу пәндері жүктемесі:Сөйлеу және коммуникацияны дамыту-2 сағат; Санау-2 сағат; Адам және қоғам-2 сағат; Бейнелеу өнері-1 сағат; Шаруашылық еңбек-1 сағат; Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау-1сағат; Танымдық даму-1 сағат. Апталық 10 сағаттық жүктемесіне ата-анасының келісімімен сабақ кестесі құрылып бекітілді. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес пән мұғалімдері сабақ өткізеді /сабақ кестесі таныстырылды/.

Смагулова Ж.Г.-мектеп психологі

2023 жылы Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ-ның қорытындысы бойынша Жұмабай Санжардың зиятынын орташа түрде бұзылыстары бар оқушыға сай оқу бағдарламасын жеңіл түрде пән мұғалімдері құрастыру қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті мамандарынан кеңес алуларыңызға болады.

ШЕШІМ

1. 7-сынып оқушысы Жұмабай Санжар үйде тегін оқытылсын.
 - 1.1. 10 сағаттық апталық жүктемесі мына мұғалімдерге жүктелсін:
 - 1) Сөйлеу және коммуникацияны дамыту 2 сағат- Зурашев М.С.
 - 2) Санау 2 сағат- Сагинаева Г.С.
 - 3) Адам және қоғам 2 сағат-Досымбекова Ж.Ш.
 - 4) Бейнелеу өнері 1 сағат-Сатекова Қ.С.
 - 5) Шаруашылық еңбек 1 сағат-Сатекова Қ.С.
 - 6) Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау 1сағат-Балгожина Б.С.
 - 7) Танымдық даму 1 сағат- Балгожина Б.С.
 - 1.2. Сабақ кестесі бойынша үйде оқытуды ұйымдастыруды қадағалау оқу ісінің меңгерушісі Ж.Қошқарбаевқа жүктелсін.
 - 1.3. Үйде оқыту туралы мектепшілік бұйрық шығарылсын.



ППК-ның төрағасы

Хатшы:

Қ.Асанова

Г.Уткельбаева

